

«БАЛ САПАР» ЖШС балабақшасының

«Балдәурен» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: 24.09.2025ж

Хаттама №1

Қатысқан: 14

Қатыспағандар: 11

Күн тәртібіндегі мәселелер:

Топтағы ата-аналар тәрбиешімен танысу.

Топ туралы мәлімет

Балабақша ақысын уақтысымен төлеу.

Күнделікті балабақшаға кешікпей келу.

Ата-ана комитетін сайлау.

Балалардың балабақшаға бейімделуі

Балаларды мектепке дайындау

Балалардың оқу іс-әрекеті

Өртүрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша ата-аналар тәрбиешімен жақынырақ танысты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі: Мырзабек Айша Жомартқызы топтағы мәлімет берілді.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі ата-аналарға балабақша төлемақысын уақтылы төлеуін айтты. Балаларды жаңа оқу жылына оқу құралдарын толығымен алып келуді айтты. Әр балада өзінің папкасы болу керектігін айтты.

Төртінші мәселе ата-аналар балаларын балабақшаға таза киіндіріп жіберу керек екенін және таңертең балаларды сағат 08:00ден-09:00 ге дейін қалдырмай тәрбиешілерге тапсырулары керек екені айтылды.

Бесінші мәселе ата-ана комитетін топ арасында сайлауды ұсыныс тастады.

Тәрбиеші балалардың балабақшаға бейімделуі туралы баяндама жасады. Балалардың алғашқы кезеңдегі мінез-құлқы, жаңа ортаға үйренуі туралы ақпарат берілді.

Сөйледі:Ата-аналар өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойды.

Шешім:

Балалардың балабақшаға бейімделуіне ата-аналар қолдау көрсету.

Балабақша тәртібін сақтау.

Тәрбиешімен тығыз байланыста болу.

Ата-ана комитеті:Ахатаева Айсулу

Көмекшісі:Балтабай Меруерт

Меңгеруші_____Сатыбалдиева Н.З

Тәрбиеші: _____Мырзабек А.Ж

Тақырыбы: Мектепалды топ – баланың болашаққа алғашқы қадамы

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі ата-аналар жиналысының тақырыбы – мектепалды топтағы балалардың дамуы мен мектепке дайындығы. Мектепалды кезең – баланың өміріндегі ең маңызды әрі жауапты кезеңдердің бірі. Бұл уақытта бала тек білім алып қана қоймай, болашақ мектеп өміріне жан-жақты дайындалады.

Мектепалды топта балалардың ойлау қабілеті, сөйлеу тілі, есте сақтау қабілеті және танымдық қызығушылығы белсенді дамиды. Балалар әріптермен танысып, буындап оқуға, санауға, қарапайым есептер шығаруға үйренеді. Сонымен қатар олар қоршаған ортаны танып, өз ойын еркін жеткізуге, сұрақ қоюға, жауап беруге дағдыланады.

Балабақшада балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Балалар сурет салып, мүсін жасап, ән айтып, би билеп, түрлі ойындар арқылы өз қабілеттерін дамытады. Ұжымдық ойындар арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, достыққа, сыйластыққа, тәртіпке үйренеді.

Баланың мектепке дайын болуы тек балабақша жұмысына ғана емес, ата-ананың қолдауына да байланысты. Үйде ата-аналар баламен бірге кітап оқып, әңгімелесіп, логикалық ойындар ойнап, тапсырмалар орындаса, баланың білімге деген қызығушылығы арта түседі.

Құрметті ата-аналар!

Баланың болашағы – біздің ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Балабақша мен ата-ана бірлесе жұмыс жасағанда ғана бала мектепке сенімді қадам жасап, жаңа ортаға оңай бейімделеді.

Біздің мақсатымыз – білімді, тәрбиелі, өзіне сенімді ұрпақ тәрбиелеу.

Назарларыңызға рахмет!

Баяндама

Тақырыбы: Мектепалды топтағы балалардың дамуы мен мектепке дайындығы.